



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Кәсіби-шығармашылық факультеті)



АҚТӨБЕ, 2025



Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ**

Редакциясын басқарған Л.Ш.Қарабасова

Ақтөбе 2025

УДК 65.263.1

О – 14

Каталог элективных модулей рекомендован к изданию решением Академического совета Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова (протокол №6, 29 февраля 2025 г.).

Каталог элективных модулей. 2025-2026 учебный год. - Актобе: Издательство «Жұбанов университеті», 2025. – 169с.

Каталог содержит перечень элективных дисциплин по общеобразовательным, базовым и профилирующим циклам образовательных программ и краткое описание дисциплин компонента по выборам.

Каталог элективных дисциплин предназначен для студентов Факультета естествознания Актюбинского регионального университета имени К.Жубанова и подготовлен для определения траектории обучения по специальностям.

Ответственные за выпуск: Өтегенов Н.Ө., Кургамбеков М.С., Нарман П.Қ.

ISBN 9965-9658-5-6

о **4309000000**
00(05)-05

© Актюбинский региональный
университет имени К.Жубанова, 2025 г.
030000, г. Актобе,
пр.А.Молдагуловой, 34

ББК 65.263.1

О - 14

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№6 хаттама, 29 ақпан 2025 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2025-2026 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2025. – 169 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Кәсіби-шығармашылық факультетінің студенттеріне арналған және мамандықтар бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Өтегенов Н.Ө., Кургамбеков М.С., Нарман П.Қ.

ISBN 9965-9658-5-6

о 4309000000
00(05)-05

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2025.
Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2022 жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).
2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БжҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021 жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген. (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).
4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚР МЖМБС. 5.05.001-2005).
5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімдері.
6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020 ж.).

6B01403 – Дене шынықтыру және спорт
2025-2026 ж.
Оқу мерзімі: 1 курс 4 жыл

қабылдау 2025 г.

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны	Жана пәндер	Ұсынушы
Модуль 2. Әлеуметтану спорттын, 22 академиялық кредит						
ЖББП МК	ASBM 1104	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану-саясаттану, мәдениеттану-психология)	1,2	8		
БП ЖК	GOA 1201	Гимнастика оқыту әдістемесімен	1	6		
ЖББП МК	DSh(sha) 1105	Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)	1,2,3,4	8		

Модуль 2. Әлеуметтану спорттын

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Гимнастика оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Габдуллин А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән мақсаты-кәсіби педагогикалық қызметке гимнастикаға оқыту әдістемесі және теориясы, практикалық білім, іскерлік және дағдысын игерген мамандарды дайындау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дене шынықтыру пәні - білім алушылардың денсаулығын нығайтуға, дене қасиеттерін (күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділік) дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған оқу пәні. Пән барысында оқушылар жалпы дамыту жаттығуларын, гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындар, ұлттық ойындар және қозғалыс дағдыларын меңгереді. Сабақтарда қауіпсіздік ережелерін сақтау, дене жаттығуларын дұрыс орындау, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау және ұжымда жұмыс істей білу дағдылары қалыптасады.

Постреквизиттері: «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А).Студент білу керек– заманауи білім беру технологияларын; В). «Гимнастика оқыту әдістемесімен» пәнінен игерілген білім, іскерлік және дағдыны практика жүзінде қолдану; С).Студент қортынды шығару, пікірлесу қабілетін игеру; Д).Педагогикалық шеберліктің негіздерін игеру, жасөспірімдер мен балаларды оқыту және тәрбиелеу тәсілдерін, принциптарын және әдістерін білуі; Е).Гимнастикаға оқытудың әдіс және тәсілдерін игеру, гимнастикадан жарыстарды ұйымдастыру және өткізу дағдысын көрсете білуі.

**Мамандық атауы және шифры: 6B01404-Дене шынықтыру және спорт
2025-2026 ж.
Оқу мерзімі: 2 курс 4 жыл**

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны	Жана пән	Ұсынушы
Модуль 4.Спорттық және физиологиялық, 30 академиялық кредит						
БП ЖК	Ped 2202	Педагогика	3	4		
БП ЖК	A A 2203	Адам анатомиясы	3	5		
БП ЖК	IBB 2204	Инклюзивті білім беру	3	3		
БП ЖК	ZhEFG 2205	Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	3		
БП ЖК	BOA 2206	Баскетбол оқыту әдістемесімен	3	5		
БП ЖК	JOA 2207	Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен	3	5		
БП ЖК	ZhOA 2208	Жүзу оқыту әдістемесімен	3	5		
Модуль 5. Психологиялық-педагогикалық, 26 академиялық кредит						
БП ЖК	GZA 2209	Ғылыми зерттеу әдістері	4	5		
БП ЖК	DShSP 2210	Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы	4	6		
БП ЖК	UR 2211	Ұлттық руханият	4	3		
БП ЖК	ShSOA 2212	Шаңғы спорты оқыту әдістемесімен	4	5		
БП ЖК	KOOA 2213	Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен	4	5		
БП	PPP	Психологиялық -педагогикалық практика	4	2		

Модуль 4. Спорттық-физиологиялық

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Адам анатомиясы

Бағдарлама авторы: Жумабаева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Өсіп келе жатқан ұрпақтардың денсаулығын нығайту және сақтау үшін бағытталған болашақ оқытушыларды анатомия білімімен жетілдіру, студенттерді кезеңдегі зерттеу нысандарымен, бағытымен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән туралы жалпы түсінік. Сүйектер және оның байланыстары туралы ғылым (остеология). Бұлшық еттер туралы ғылым (миология). Ішкі жүйелер туралы ғылым (спланхнология). Тамыр жүйелері туралы ғылым (ангиология). Анализаторлар және эндокриндік жүйе. Жалпы және жас ерекшелік физиологиясы.

Пререквизиттері: Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша), «Гимнастика оқыту әдістемесімен»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт гигиенасы», «Массаж негіздері және спорттық жарақаттану»

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Студенттер пәнді үйрену нәтижесінде анатомиялық терминдердің негізгі түсініктерін білуі және түсінуі қажетті. В). Мүшелердің және мүше жүйелерінің жұмысын ескере отырып, спортшының денесінің қозғалысына және кеңістікте орналасуына толық баға беру; С).Үйретушінің дене сапасының жалпы және гармониялық даму мақсатында, оқу және жаттығу сабақтарын ұйымдастыруда анатомиялық білім және біліктілікті қолдану; Е). Тірек-қозғалыс аппараты және жүрек – тамыр жүйесі жағдайларын студенттер бағалау және анықтау қажет.

Дублинские дескрипторы: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Инклюзивті білім беру

Бағдарлама авторы: Отеген Н.

Курсты оқытудың мақсаты: инклюзивті білім беру мәселелерін, жеке көзқараспен және балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру сабақтарын өткізудің құралдары мен әдістемесін зерделеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқу инклюзивті білім берудің міндеттері, ерекшеліктері мен қағидаттары ұғымдарын меңгеруге, жинақталған халықаралық тәжірибені жинақтауға, инклюзивті білім берудің даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Курс мазмұнында ҚР-дағы инклюзивті білім беру мәселелері, мемлекеттік бағдарлама негізінде инновациялық тәсілдерді іске асыру тәсілдері қарастырылады, сондай-ақ студенттерді инклюзивті білім беру мазмұнын реттейтін халықаралық құжаттармен таныстырады

Пререквизиттері: ««Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «Дене тәрбиесі құралдарымен бейімдеу және инклюзивті білім беру», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»,

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) инклюзивті оқытудың мақсаттары мен міндеттерін білу В) алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу; С) оқу сабағын жоспарлау және құру кезінде ауруларды ескеру. Д) мүгедек балалармен дене шынықтыру сабақтарын өткізудің негізгі әдістерін меңгеру. Е) Студент инклюзивті оқыту мен дене шынықтыру құралдарының ерекшеліктерін білуі керек

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы

Бағдарлама авторы: Жумабаева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің әртүрлі жастағы өсу және даму заңдылықтарын, нерв жүйесінің физиологиясын, эндокриндік бездердің жас ерекшелік физиологиясын және мектеп гигиенасына қойылатын гигиеналық талаптарды оқытады. болашақ Негізгі мақсаты - оқытушылар мен тәрбиешілерді балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының ерекшеліктерімен таныстыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқытушылар мен тәрбиешілерді балалар мен жас жеткіншектердің өсіп дамуының ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың өзінің түрлі өсу кезеңдерінде сан жағынан да, сапа жағынан де ерешеліктер байқалады. Осыған орай балалардың мінез құлықтары, ой - өрісі, дүниетанымы қалыптасады. Оқытушы мен тәрбиешінің мақсаты- бала организмінде күрделі өзгерістерге байланысты, оқу - тәрбие жұмыстарын үйлестіре ұйымдастыра білу. Балалардың өсуі, ақзалардың қалыптасуы, олардың қызметін реттеуші жүйке, сондықтан жүйелерінің маңызы, сонымен қатар жоғары жүйке әрекетінің, сезім мүшелерінің құрылысы мен қызметі, жас ерешеліктері және сыртқы орта мен мектеп ғимаратына арналған гигиеналық талаптар қамтылған. Сондықтан жасқа байланысты физиологияның еркшілігі мен мектеп гигиенасының бірлігінің қажеттілігі бірден-бір қажет. «Жас өспірім физиологиясы және мектеп гигиенасы» курсын оқу барысында сіздер бала организмінде күрделі өзгерістерге байланысты, оқу - тәрбие жұмыстарын үйлестіре ұйымдастыра білу.

Пререквизиттері: ««Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Дене шынықтыру және спорт гигиенасы», «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы»

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Дене тәрбиесі гигиенасының принциптерін білу; В). Дене шынықтыру және спорт гигиенасы пәнінің міндетін, мақсатын түсіну және білу қажет; С). Дене шынықтыру және спорт гигиенасы бойынша білімдерді, шеберлікті және дағдыларды қолдана білу қажет; Д). Дене тәрбиесі гигиенасы пәнінен алған білімдерін практика жүзінде қолдана білу; Е). Дене жүктемесіне бейімделудің бақылау дағдысын білу қажет және гигиенада қолданылатын зерттеу әдістерін меңгеру тиіс.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Баскетбол оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Жиёмбаев А.Ш.

Курсты оқытудың мақсаты: Курсты оқу мақсаты. Студенттерге дене тәрбиесі жүйесіндегі баскетболдың орны мен маңызы туралы қазіргі білім беру, олардың бойында баскетболды оқу және оқыту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін кәсіби-педагогикалық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Баскетболдың теория - әдістемелік негіздері. Баскетболдың шығу және даму тарихы. Сабақ – Баскетбол сабағын өткізу негізгі формасы. Баскетбол сабағында қозғалмалы ойындар мен эстафеталар. Ойынның ережелері, құрал-жабдықтары. Баскетбол ойыннаң жарысты ұйымдастыру және өткізу. Төрешілердің құқықтары

және міндеттері. Баскетболшылардың дене қасиеттерің дамыту. Техникалық дайындықтың негіздері. Тактикалық дайындықтың негіздері. Баскетбол ойын техникасының және тактикасының жіктелуі. Шабуылда және қорғаныста техника және тактикасың оқыту әдістемесі.

Пререквизиттері: «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт" пәнін оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен», «Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол)».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Студент баскетболға оқытудың теориялық, әдістемелік және практикалық негіздерін білу; В). Практикада баскетболға оқытудың жаңа білім технологияларын қолдана алу; С). Баскетболға оқытудың озат технологияларын талдай алу және өзінің кәсіби қызметінде оларды пайдалана алу; Д). Курстың соңында студент педагогикалық шеберлік негіздерін толықтай меңгеру; Е). Ойынның техникалық-тактикалық тәсілдерін және жарысты өткізудің ұйымдастыру дағдыларын меңгеруі тиіс.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Габдуллин А.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандардың жеңіл атлетика саласындағы білімдері мен дағдылары негіздерін меңгеруін көздейді және мақсатпен қолдана білуге үйретеді

Пәннің қысқаша мазмұны: Жеңіл атлетиканың даму тарихы. Қазақстандағы жеңіл атлетика. Жеңіл атлетикалық жаттығулардың техникаларын орындау. Төрешілер құрамы: төрешінің міндеті мен құқығы. Жеңіл атлетиканы оқытудың теориялық және оқыту әдістемесінің негіздері

Пререквизиттері: «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі», «"Дене шынықтыру және спорт" пәнін оқыту әдістемесімен, «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Студенттер дене шынықтыру мұғаліміне қажетті білімді және іскерлікпен дағдыны игеру керек. В) Аталған пәннің теориясы мен әдістемесінің негіздерін игеру; жылдамдық, ептілік, күші, төзімділік пен иілгіштік сапаларын дамытуды игеру; С) Жеңіл атлетика бойынша жарыс ережелерін білу; Д) Жеңіл атлетиканың ұтымды әдіс тәсілдерін игеру. Студент алынған білім негізінде, келесі практикалық дағдыларды игеруі керек: Е) Жеңіл атлетика пәні бойынша спорттық және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру біліктілігі.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жүзу оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Мамытов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Жүзуден студенттерді кәсіптік педагогикалық бапкерлік дене шынықтыру және спорттың әртүрлі саласында ұйымдастыру жұмыстарын атқаруға дайындау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Спорттық машықтанудың ілімі, оқыту әдістемесі және практикасы бойынша білім беру жүзудің тактикасы, техникасын рациональды пайдалану және оқыту әдістемесі бойынша дағды қалыптастыру. Бассейндерде, табиғи су қоймаларында қауіпсіздік ережелерімен және гигиеналық талаптармен таныстыру.

Пререквизиттері: «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Әртүрлі мектеп жасындағы балалармен жүзу оқыту әдістемесі сабақтарын өткізу әдістемесін білуі; В). Балалар спорттық ұжымына басшылық ете білуі, жүзу оқыту әдістемесі сабақтарын кезеңге сәйкес ұйымдастыру; С). Әртүрлі жастағы топтарда спорттық дайындықты басқару әдісі мен құралдарын білу; Д). Педагогикалық шеберліктің негіздерін игеру, оқыту ұстанымдарын, әдістер және оқыту тәсілдерін білуі; Е). Спортшыларды дайындау әдістемелеріне анализ жасай білуі, оқушыларға басшылық ете білуі

Модуль 5. Психологиялық-педагогикалық

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Ғылыми зерттеу әдістері

Бағдарлама авторы: Шоқанов Р.А.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттер арасында қазіргі жағдайда дене шынықтыруды ғылыми зерттеу процестерінің мазмұны туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру және олардың спорттағы іс-әрекеттің жекелеген түрлеріне тиімді шешімдерді әзірлеу бойынша практикалық дағдыларды меңгеруі.

Пәннің қысқаша мазмұны: Оқу курсы ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері, академиялық жазу және академиялық адалдық туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және оқуды бітіру жұмыстарын рәсімдеу.

Пререквизиттері: «Педагогика», «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен»

Постреквизиттері: «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық», «Дене шынықтыру және спорттағы IT және цифрлық ресурстар», «Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Пәнді оқу нәтижесінде студенттер дене шынықтыру және спорттағы ғылыми зерттеулердің теориялық негіздерін білуі керек; С) Дене тәрбиесінде негізделген құралдарды, өлшеу және бақылау әдістерін қолдана білу; С) Студент пайымдау, қорытынды жасау дағдыларын меңгеруі керек. Е) Студент ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу бойынша білім мен дағдыны меңгеруі керек.Е) Курсты аяқтаған кезде студент дене тәрбиесі сабағында ғылыми-зерттеу жұмысының әдістерін білуі керек.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы

Бағдарлама авторы: Шоқанов Р.А.

Курсты оқытудың мақсаты: бұл дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогиканың және психологияның мәні, ерекшелігі, заңдылықтары туралы тұтас түсінік қалыптастыру, білімді жүйелеу және тереңдету, оқыту технологиясын және оларды практикалық іске асыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дене шынықтыру және спорт педагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздері. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандардың кәсіби-педагогикалық құзыреттілігі. Тұтас педагогикалық процесс жүйесіндегі дене шынықтыру мен спорттың орны. Тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру жағдайында оқыту. Дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық процесті ұйымдастыру формалары. Оқыту әдістері. Тұтас педагогикалық процесс жүйесіндегі тәрбие. Спорт командасындағы тұлғаны тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. Педагогикалық шеберлік негіздері.

Пререквизиттері: «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Педагогика », «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен» «Бағалаудың өлшемдік технологиясы», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Әр түрлі білім беру мекемелерінде дене шынықтыру және спорт сабақтарын ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктерін білу. В) Физикалық қасиеттер мен қозғалысты дамытудың психологиялық-педагогикалық заңдылықтарын қолдана білу. С) Оқыту мен тәрбиелеудің негізгі әдістерін, құралдары мен нысандарын еркін таңдау және меңгеру дағдыларын игеруі тиіс. Д) Дене шынықтырудың ерекшелігіне байланысты педагогика мәселелеріне назар аудару керек. Е) Оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттерді талдап, тұтас педагогикалық процесті құрудың білім беру құралдарын таңдауды жүзеге асыруы керек.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Шаңғы спорты оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Мамытов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі заманғы талаптары бойынша студенттерге шаңғы спорты ДТ жүйесіндегі оның орны және маңызы туралы білім беру. Шаңғы спортынан сабақ беру әдісі, жаттықтырушысының кәсіби – педагогикалық қызметі үшін қажетті практикалық дағдыларын жаттықтыру мен оқытудың әдістемесі және теориялық білімдерді меңгеру, жоғары дәрежелі мамандарды даярлау болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Шаңғы спортында сабақтарды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі. Құралдар мен оқыту әдістемесі. Шаңғы жүрістерінің жіктелуі. Жарыстарды өткізу.

Пререквизиттері: «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру (спорт түрлері бойынша)»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі», «Туризм оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Студенттер дене шынықтыру мұғаліміне қажетті білімді және іскерлікпен дағдыны білу; В). Әдістемелік тұрғыдан жоспарлай, бақылай және басқара білуі тиіс; С). Дене шынықтыру қозғалысының түрлі буындарында ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарын іске асыру; D). Әр түрлі жастағы, жыныстағы

тұлғалардың денсаулығын негіздеу, бақылау; Е). Медициналық-биологиялық, психология-педагогикалық және зерттеу әдістері бойынша, түрлі жастағы, жыныстағы, спорттық біліктілігіне байланысты тұлғаларды үйрету.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)
Пәннің атауы: Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен
Бағдарлама авторы: Жиембаев А.Ш.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге оқу-жаттықтыру үрдісінде қозғалмалы ойындардың орны мен маңызы туралы қазіргі білім беру, қозғалмалы ойындарды жоспарлаудың, ұйымдастырудың және өткізудің кәсіби-педагогикалық дағды мен іскерлікті қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Кіріспе. Пәннің мақсаты және міндеттері. Ойын – дене тәрбиесінің әдісі. Қозғалмалы ойындардың педагогикалық мінездемесі. Қозғалмалы ойындардың жіктелуі. Қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру түрлері. Қозғалмалы ойындардың сауықтыру, білім беру және тәрбиелеу мағынасы. Қозғалмалы ойындарды оқыту әдістемесі және қолдануы. Әр түрлі сыныпта дене шынықтыру сабағында қозғалмалы ойындар. Ұлттық қозғалмалы ойындар. Спорттық ойындардың жарысы. Көңілді сөре. Жазғы сауықтыру лагерінде қозғалмалы ойындар. Қозғалмалы ойындарды спорттық іріктеуде қолдану.

Пререквизиттері: «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен»

Постреквизиттері: «"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен», «Туризм оқыту әдістемесімен», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Пәнді оқу нәтижесінде студент дене тәрбиесінің барлық формаларындағы қозғалмалы ойындарды ұйымдастыру; В). Студент алған білімдерін, дағдылары мен іскерлігін қозғалмалы ойындарды қолдану; С). Студент ой-пікір жасауға және түйіндеуге қабілетті болуы тиіс; Д). Курстың соңында студент педагогикалық шеберлік негіздерін, балалар мен жасөспірімдерді оқыту; Е). Курстың соңында студент кәсіби-педагогикалық дағдылар мен іскерлікті меңгеруі тиіс.

Мамандық атауы және шифры: 6В01404-дене шынықтыру және спорт
2025-2026 ж.
Оқу мерзімі: 2 курс 3 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны	Жаңа пән	Ұсынушы
Модуль 3. Пәндерді оқытудың әдістемес , 10 академиялық кредит						
БП ЖК	DShOA 2214	"Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен (ЖИ)	3	5		
БП ЖК	BBDMK 2215	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	3	5		
Модуль 4.1 Мектептегі спорттық ойындар, 20 академиялық кредит						
БП ТК	VOA 2216	Волейбол оқыту әдістемесімен	3	5		
КП ТК	MSO (f/g) 2301	Мектептегі спорттық ойындар (футбол, гандбол) (дуалдық оқыту)	3	5		
КП ТК	SMDKB 2302	Спорттық медицина және допингке қарсы бақылау	3	5		

КП ТК	SK 2303	Спорттық құрылыстар	3	5		
Модуль 4.2 Оқыту процесінің теориясы мен әдістемесі, 20 академиялық кредит (Білім траекториясы: Спорт түрлері бойынша жаттықтырушы)						
БП ТК	UOOA(d,sh,ut) 3216	Үстел ойындары және оқыту әдістері (дойбы, шахмат, үстел теннисі)	3	5		
КП ТК	ZhBSMDShZhZhK 3301	Жалпы білім және спорт мекемелеріндегі дене шынықтыру жұмыстары бойынша жоспарлау құжаттары	3	5		
КП ТК	BZhSTA 3302	Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі (дуалды оқутыда)	3	5		
КП ТК	SGZhGK 3303	Спорттық ғимараттарын замануи жоспарлау және құрылысы	3	5		
Модуль 5.1 Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және менеджмент, 15 академиялық кредит						
БП ТК	DShSMM 3217	Дене шынықтыру және спортты менеджменті және маркетингі	6	5	жана	
БП ТК	DTTA 3218	Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі	6	5		
БП ТК	FOA 3219	Футбол оқыту әдістемесімен	6	5		
Модуль 5.2 Спорттық-психологиялық, 15 академиялық кредит (Білім траекториясы: Спорт түрлері бойынша жаттықтырушы)						
БП ТК	SUKKPSHb 3217	Спорттық ұжымда қорым-қатынастық психологиясын және шиеліністерді басқару	6	5		
БП ТК	ShOOA 3218	Шахматты оқыту және оқыту әдістемесі	6	5	жана	
БП ТК	FZhUN 3219	Футболдағы жаттығу үрдісінің негіздері	6	5		
Модуль .Бағалаудың өлшемдік және туризм, 15 академиялық кредит						
КП ЖК	BOT 3304	Бағалаудың өлшемдік технологиясы (дуалдық оқыту)	6	5		
КП ЖК	TOA 3305	Туризм оқыту әдістемесімен	6	4		
КП		Педагогикалық практика	6	6		

Модуль 3. Пәндерді оқытудың әдістемесі

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: "Дене шынықтыру және спорт " пәнін оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Ботағариев Т.А.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерге дене шынықтырудың теориялық негіздері туралы терең білім беру, олардың негізгі түсініктерін әр түрлі білім беру мекемелері мен спорт ұйымдарында - болашақ кәсіби қызмет орнында іс жүзінде жүзеге асыруға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курсты оқу барысында «жаңартылған бағдарлама», «педагогикалық білім», «дене тәрбиесі» сияқты ұғымдар қарастырылады. Студенттер дене шынықтырудың міндеттері, мазмұнының формалары және жағдайы туралы ақпарат алады. Дене шынықтыру сабағында дене шынықтыру және критериалды бағалаудың құралдары мен әдістері туралы білім қалыптасады. Студенттер жаңартылған білім беру платформасының талаптарына сәйкес келетін «Дене шынықтыру» пәнін ұйымдастыру және өткізу үшін оқу құжаттамасын дайындау және әзірлеу дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттері: «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Гимнастика оқыту әдістемесімен».

Постреквизиттері: «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі», «Бағалаудың өлшемдік технологиясы».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттерін, құралдарын, әдістерін, заңдылықтары мен принциптерін білу және түсіну. В) дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру ерекшеліктерін білу. С) педагогикалық іс-әрекетте дене шынықтырумен айналысатындардың жас және жеке айырмашылықтарын ескеріу. Д) оқыту мен тәрбиелеудің озық тәсілдерін қолдану; дене шынықтыруды оқыту технологиясының негізгі элементтерін меңгеру; жоспарлау құжаттарымен жұмыс істеу. Е) оқушылардың дене дайындығын, физикалық қабілеттерін бағалау.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Мухтаров С.М.

Курсты оқытудың мақсаты: болашақ маманның білім және көшбасшылық дағдылар кешенін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, командақұру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі, сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиттері: «Ғылыми зерттеу әдістері», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы».

Постреквизиттері: «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Дене шынықтыру және спортты менеджменті және маркетингі», «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі»

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Студенттер менеджмент пен көшбасшылық теориясының жалпы мәселелерін білу керек. С) Басқару әдістері мен функцияларын, көшбасшылық стильдері мен билігін зерттеу. С) шиеленістерді және өзгерістерді басқару дағдыларын, көшбасшы бейнесін меңгеру D) алған білімдерін көшбасшының практикалық іс-әрекетінде қолдана білу E) көшбасшылық іс-әрекет үлгілерін және оны жүзеге асыру механизмін меңгеруі керек.

Модуль 4.1 Мектептегі спорттық ойындар

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Волейбол оқыту әдістемесімен

Бағдарлама авторы: Мамытов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Орта мектепте волейболдан сабақтар ұйымдастыру және өткізу үшін теориялық және практикалық білімі бар студенттерді қаруландыру: волейбол бойынша сабақтар мен тренингтер кәсіби-педагогикалық дағдыларын студенттерге дағдыландыруға, жоғары білімді және жоғары білікті маман дайындау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дене шынықтыру және халықтың денсаулығын сауықтыру жүйесіндегі волейбол рөлі мен орны. Волейбол ойын ережелері мен төрешілік әдістері. Ойынның тактикалық негіздері мен жіктеу әдістері. Әсіресе мектептегі оқыту мен оқу әдістері. Жоспарлау, ұйымдастыру және білім беру процесінің мазмұны. Волейболдың басты нысаны ретінде сабақ жүргізу.

Пререквизиттері: «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы».

Постреквизиттері: «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері», «Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол)», «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Студенттер пәнді оқу нәтижесінде, волейбол түрлі формаларын, теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздерін білу және түсіну керек. В) Волейбол оқыту әдістерін, ойындар саласында алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде алуы және білуі тиіс. С) Студент қорытындыны тамаша құрастырып,

пайымдаулар жасауға қажет қабілетіне ие болуы тиіс. Д).Мектептерде волейбол оқыту проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Е).Курстың соңында студент кәсіби-педагогикалық қабілеттері мен дағдыларын иеленуі керек.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Мектепте спорттық ойындар (футбол, гандбол)

Бағдарлама авторы: Жиембаев А.Ш.

Курсты оқытудың мақсаты: Оқушыларға дене тәрбиесі жүйесіндегі футбол мен гандболдың орны мен маңызы туралы студенттерге заманауи білім беру, Жалпы білім беретін мектепте футбол мен гандболды оқыту және үйрету мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін кәсіби-педагогикалық дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Футбол және гандбол оқушылардың жан-жақты физикалық дамуының құралы. Сабақ-спорттық ойындар бойынша сабақтарды өткізудің негізгі түрі. Мектепте футбол және гандбол сабақтарын ұйымдастыру және өткізу. Спорттық ойындар сабақтарында оқушыларды ұйымдастыру әдістері. Спорттық ойындар сабақтарында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру. Дене шынықтыру бойынша мектеп бағдарламасына кіретін. Футбол мен гандболдың техникалық-тактикалық әрекеттерін талдау. Футбол және гандболдың ойынының техникасы мен тактикасын оқытудың құралдары мен әдістері. Футбол және гандболдың бойынша сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар. Мектептегі футбол және гандбол жарыстарын ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері.

Пререквизиттері: «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы».

Постреквизиттері: «Футбол оқыту әдістемесімен», «Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол)», «Гандбол оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Жалпы білім беретін мектепте спорттық ойындар сабақтарын ұйымдастыру мен өткізудің әдістемелік негіздерін білу және түсіну. В)алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын оқытушылық қызметте қолдана білу. С) Сатып алу қабілеттілігін шығаруға пайымдауларды, қорытындыларды қалыптастыру. Д) Педагогикалық шеберлік негіздерін меңгеру, балалар мен жасөспірімдерді оқыту мен тәрбиелеудің принциптерін, әдістерін, құралдарын білу. Е) Футболды, гандболды оқыту саласында кәсіби-педагогикалық дағдыларды меңгеру, мектепте футбол мен гандболдан жарыстар өткізудің ұйымдастырушылық дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D)

Пәннің атауы: Спорттық медицина және допингке қарсы бақылау

Бағдарлама авторы: Жумабаева А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге спортшыларды даярлаудың оқу-жаттығу процесінде спорттық медицинаның орны мен маңызы туралы заманауи білім беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курсты оқу барысында студенттер "диагностика", "допинг", "допингке қарсы бақылау", "дәрігерлік бақылау әдістері"негізгі ұғымдарымен танысады. Бұл пәннің курсы жаттығулар мен жарыстарда дәрігерлік бақылауды жүргізудің әдістемелік тәсілдерін қарастырады. Дене шынықтыру қабілетін тестілеу, санитарлық-ағарту жұмыстары, аурулар мен жарақаттардың алдын алу дағдылары игеріледі. Студенттер жарыстың медициналық қамтамасыз ету талаптарымен танысады. Студенттер жаттығу және бәсекелестік жүктемелерді құру дағдыларын қалыптастырады. Жаттығулар мен жарыстарда дәрігерлік бақылау нысандары зерттеледі, дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын адамдардың денесінің функционалдық жағдайына сипаттама беріледі. Қазіргі кезеңде спорттың әртүрлі түрлерінде допингке қарсы бақылауды жүзеге асыру дағдылары алынады. Курсты оқу барысында оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.

Пререквизиттері: «Адам анатомиясы», «Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы»

Постреквизиттері: «Дене шынықтыру және спорт гигиенасы», «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы»

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) спорттық медицинаның мақсаттары мен міндеттерін және оның дене шынықтыру мен спорттағы маңыздылығын білу В) дәрігерлік және допингке қарсы бақылау дағдыларына ие болу, алған білімдерін практикада пайдалану; С) дене шынықтыру және спортпен шұғылдану процесінде организмде туындайтын морфофункционалды өзгерістерді зерделеу. Д) дене бітіміне тестілеу жүргізу дағдыларын меңгеру Е) Студент жарақаттанудың алдын алу шараларын білуі және өзінің кәсіби қызметінде қолдана білуі тиіс

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Спорт құрылыстар

Бағдарлама авторы: Мамытов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Спортпен шұғылдануға арналған спорт ғимараттарын жобалаудың, салудың, жөндеудің және пайдаланудың, тұрғылықты жері бойынша, оқу орындарында, өндірісте, спорт клубтарында, демалыс орындарында, емдеу және сауықтыру мекемелерінде бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізудің

жалпы негіздерін зерделеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Дене шынықтыру және спорт ғимараттары-спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының әр түрлі түрлерімен айналысуды қамтамасыз етудің қажетті шарты. Спорт ғимараттарын салу негіздері. Спорт ғимараттарының жіктелуі мен санаттылығы. Қалалық спорт ғимараттарының желісі. Әртүрлі спорт түрлерімен айналысу кезінде, оның ішінде қауіпсіздік техникасы тұрғысынан дене шынықтыру-спорт ғимараттарына, жабдықтарға және мүкәммалға қойылатын талаптар. Спорт ғимараттарының кедергісіз ортасы. Тренажерлер және жаттығу құрылғылары. Ашық жазық спорт ғимараттары. Стадиондар мен спорт ареналары. Спорттық өзек. Қысқы спорт түрлеріне арналған спорттық ғимараттар. Су спорт түрлеріне арналған спорттық құрылыстар. Жарықтандыруға, температуралық режимге, желдетуге және ашық спорт құрылыстарында, сондай-ақ жабық спорт залдарында, кешендерде шұғылданушылар үшін қауіпсіздік техникасының негіздеріне қойылатын гигиеналық талаптар. Спорт ғимараттарын тиімді пайдаланудың шетелдік тәжірибесі. Қарапайым спорт ғимараттарын жоспарлау, салу және пайдалану ережелері. Мектептегі қарапайым құрылыстардың мақсаттары мен міндеттері. Стандартты емес жабдық.

Пререквизиттері: «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен».

Постреквизиттері: «Дене шынықтыру және спорт гигиенасы», «Гандбол атлетика оқыту әдістемесімен», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) спорт ғимараттарын ұйымдастыру, жобалау, салу, қаржыландыру және пайдалану негіздерін білу. В) абаттандыру, спорт ғимараттарын жөндеу және салу, материалдық - техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру дағдыларына ие болуға тиіс. С) алған білімдерін практикалық қызметте қолдану. Д) әртүрлі спорт түрлерімен айналысу кезінде дене шынықтыру-спорт ғимараттарына, жабдықтарға және мүкәммалға қойылатын талаптарды білу. Е) спорт ғимараттарының қызметін жоспарлау негіздерін білу.

Модуль 4.2 Оқыту процесінің теориясы мен әдістемесі

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Үстел ойындары және оқыту әдістері (дойбы, шахмат, үстел теннисі)

Бағдарлама авторы: Отеген Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Курсты оқытудың мақсаты: Орта мектепте Үстел ойындары сабақтар ұйымдастыру және өткізу үшін теориялық және практикалық білімі бар студенттерді қаруландыру. Үстел ойындары л бойынша сабақтар мен тренингтер кәсіби-педагогикалық дағдыларын студенттерге дағдыландыруға, жоғары білімді және жоғары білікті маман дайындау

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәннің мазмұны оның мақсаты мен міндеттерін ашады. Оқушылар үстел ойындарының мазмұнымен танысады. Ойын әрекеті туралы түсінік беріледі. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесіндегі үстел ойындарының маңызы қарастырылады. Бұл курста студенттерге әртүрлі жастағы балалармен дене шынықтыру сабақтарында ойын жүргізу әдістемесі ұсынылады. Студенттер дене шынықтыру сабағында сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда үстел ойындарын қолдану бойынша білім мен дағдыларды меңгереді. Бұл пән студенттерге үстел ойындары бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Пререквизиттері: «Қозғалмалы ойындар оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы».

Постреквизиттері: «Таңдаған спорт түріндегі спорттық-педагогикалық жетілдіру (шахмат)», «Шахматты оқыту және оқыту әдістемесі».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А). Студенттер пәнді оқу нәтижесінде, үстел ойындарының түрлі формаларын, теориялық, әдістемелік және тәжірибелік негіздерін білу және түсіну керек. В) үстел ойындарының оқыту әдістерін, ойындар саласында алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде алуы және білуі тиіс. С). Студент қорытындыны тамаша құрастырып, пайымдаулар жасауға қажет қабілетіне ие болуы тиіс. Д). Мектептерде үстел ойындары оқыту проблемасын шешуге мүмкіндік береді. Е). Курстың соңында студент кәсіби-педагогикалық қабілеттері мен дағдыларын иеленуі керек.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жалпы білім және спорт мекемелеріндегі дене шынықтыру жұмыстары бойынша жоспарлау құжаттары

Бағдарлама авторы: Бекмағамбетов О. Б.

Курсты оқытудың мақсаты: оқу студенттерге жалпы білім беретін және спорт мекемелеріндегі дене шынықтыру бойынша негізгі құжаттарды жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқу студенттерге жалпы білім беретін және спорт мекемелеріндегі дене шынықтыру бойынша негізгі құжаттарды жоспарлауға қойылатын талаптар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Студенттер жоспарлаудың түрлерімен және жоспарлау құжаттарын әзірлеу технологиясымен танысады. Студенттер дене

шынықтыру сабақтарын өткізу үшін оқу құжаттамасын құрастыруға қажетті жоспарлаудың әдістемелік реттілігі туралы белгілі бір дағдылар мен дағдыларды алады. Студенттер жоспарлауда талап етілетін міндеттерді шешу үшін сабақтардың әдістері мен формаларын талдап, таңдай алады.

Пререквизиттері: «Гимнастика атлетика оқыту әдістемесімен», «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен».

Постреквизиттері: «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі», «ТБағалаудың өлшемдік технологиясы», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі»

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын жобалау, салу және пайдалану негіздерін білу. В) абаттандыру, спорт ғимараттарын жөндеу, материалдық - техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру дағдыларының болуы. С) алған білімдерін практикалық қызметте қолдана білу. Д) спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын пайдалануға қойылатын гигиеналық нормалар мен талаптарды білу. Е) спорт ғимараттарын пайдаланудың қауіпсіздік техникасы ережелерін білу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Балалар-жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесі

Бағдарлама авторы: Жиенбаев А.Ш.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге балалар мен жасөспірімдер спортының теориялық негіздері туралы терең білім беру, оларды болашақ кәсіби қызмет орны бойынша әртүрлі білім беру мекемелері мен спорт ұйымдарында негізгі ұғымдарды іс жүзінде жүзеге асыруға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жасөспірімдер спортының теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. балалар мен жасөспірімдер спорты жүйесінің жұмыс істеуі. Дене тәрбиесі құралдары. Жасөспірімдер спортының принциптері мен әдістері. Дене тәрбиесінің жас негіздері. Оқу жүктемелерінің жас кезеңділігі. Жас спортшыны тәрбиелеу және оқыту. Жасөспірімдердің дене тәрбиесін жоспарлау және есепке алу. Спорттық қабілеттер мен дарындылықты анықтау. Жас спортшының сабақтары мен өмір салтын ұйымдастыру.

Пререквизиттері: «Жүзу оқыту әдістемесімен», «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы».

Постреквизиттері: «Гандболдағы жаттығу процесінің негіздері», «Жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық шеберлігі», «Спорттық жаттығудың физиологиялық негіздері».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жасөспірімдерді, жастарды тәрбиелеу жүйесіндегі дене шынықтырудың рөлін білуі және түсінуі тиіс. В) спорттық дайындық процесін әдістемелік түрде жоспарлай, бақылай және басқара білу. С) жоғары спорттық нәтижелерге, оңтайлы физикалық жұмысқа қабілеттілікке және ағзаның резервтік мүмкіндіктерін жетілдіруге қол жеткізу. Д) салауатты өмір салтын және дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды насихаттауға; Е) спорттық жаттығуды өткізудің негізгі әдістері мен құралдарын білуге тиіс.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Спорттық ғимараттарын замануи жоспарлау және құрылысы

Бағдарлама авторы: Мамытов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын жоспарлау мен салудың жалпы негіздерін зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын жоспарлау және салу ережесі. Құрылымдардың мөлшері, ерекшелігі, негізгі жабдықтар және пайдалану шарттары. Ашық және жабық спорт ғимараттары. Спорттық ғимараттар: кешенді және мамандандырылған. Сипаттамасы және мақсаты. Алаң. Ойын алаңдары. Спорт ғимараттарына қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. Мектептегі спорт ғимараттарының мақсаттары мен міндеттері. Спорттың ойын түрлеріне арналған стандартты емес жабдық.

Пререквизиттері: «Баскетбол оқыту әдістемесімен», «Гимнастика оқыту әдістемесімен», «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесімен».

Постреквизиттері: «Футболдағы жаттығу үрдісінің негіздері», «Шағын кешенді мектептегі дене тәрбиесі», «Туризм оқыту әдістемесімен».

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын жобалау, салу және пайдалану негіздерін білу. В) абаттандыру, спорт ғимараттарын жөндеу, материалдық - техникалық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру дағдыларының болуы. С) алған білімдерін практикалық қызметте қолдана білу. Д) спорттың ойын түрлеріне арналған спорт ғимараттарын пайдалануға қойылатын гигиеналық нормалар мен талаптарды білу. Е) спорт ғимараттарын пайдаланудың қауіпсіздік техникасы ережелерін білу.

Модуль 5.1 Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі және менеджмент

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Дене шынықтыру және спортты менеджменті және маркетингі

Бағдарлама авторы: Мухтаров С.М.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерде қазіргі заманғы маркетинг пен дене шынықтыру және спорт менеджментінің негіздерін игеру үшін қажетті ғылыми-әдістемелік базаны қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқу барысында студенттер "менеджмент", "спорт менеджері", "басқару қызметі", "Спорттық маркетинг" ұғымдарын меңгереді. Маркетингтің мәні мен функциялары, спорт менеджментіндегі маркетингтік тәсіл, басқару функциялары, принциптері мен әдістері, дене шынықтыру және спорт менеджменті органдарының жүйесі және қоғамдық менеджмент органдары туралы идеялар қалыптасады. Отандық және халықаралық спорттық маркетинг пен менеджмент тәжірибесі зерттелуде. Осы пәннің мазмұнында білім беру қызметтері саласындағы маркетинг және дене шынықтыру мен спорттағы менеджменттің жүйелік сипаты қарастырылады. Оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.

Пререквизиттері: «Ғылыми зерттеудің негіздері», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық».

Постреквизиттері: «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы», «Спорт және кәсіби-қолданбалы дене дайындығының негіздері». Дене шынықтыру және спорттағы IT және цифрлық ресурстар

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ұжымды басқару теориясының жалпы негіздерін білу және осы білімді басшының практикалық қызметінде қолдана білу В) спорттық ұйымдардағы қаржылық менеджменттің негіздері мен ерекшеліктерін зерттеу. С) дене шынықтыру және спорт менеджменті органдарының жүйесін және менеджменттің қоғамдық органдарын зерделеу D) маркетингтің мәні мен функциялары, спорт менеджментіндегі маркетингтік тәсіл туралы түсінікке ие болу E) спорт саласындағы басқарудың негізгі аспектілерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі

Бағдарлама авторы: Ботағариев Т.А.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерге дене шынықтырудың теориялық негіздері туралы терең білім беру, олардың негізгі түсініктерін әр түрлі білім беру мекемелері мен спорт ұйымдарында - болашақ кәсіби қызмет орнында іс жүзінде жүзеге асыруға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: пән дене тәрбиесінің рөлін мәдениеттің түрі, оның құрылымы, мазмұны мен қызметі ретінде қарастырады. Студенттер дене тәрбиесінің принциптерін, әдістерін, құралдарын, қимыл әрекеттерін оқытудың мазмұны мен әдістемесін, дене қабілеттерін қалыптастыруды, дене жаттығуларымен сабақтарды құру нысандарын, жоспарлау, бақылау және есепке алуды үйренеді; адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде дене шынықтыруды мақсатты пайдалану ерекшеліктерін қарастырады.

Пререквизиттері: «Педагогика», «Дене шынықтыру және спорт психологиясы және педагогикасы», «"Дене шынықтыру және спорт" пәнін оқыту әдістемесімен».

Постреквизиттері: «Мектепте спорттық ойындар (волейбол, баскетбол), «Дене тәрбиесі және спорт физиологиясы», «Спорт негіздері және кәсіби-қолданбалы» .

